ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 24 мамыр №5165-24-00-2/1149 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.С.Чингиспаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазығұрт ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Эверест» Гузал Мамуржановна Абдуллаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазығұрт ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Эверест» Гузал Мамуржановна Абдуллаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Эверест» Гузал Мамуржановна Абдуллаевадан мемлекет пайдасына 1 617 (бір мың алты жүз он жеті) теңге тұрақсыздық айыбы, 1 895 (бір мың сегіз жүз тоқсан бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.С.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 24.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.07.2024, судья Чингиспаева К. С., 02.07.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -

5165-24-3-1/1151